

**"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экономиканың мемлекеттік секторын басқаруды жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы"» Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 9 тамыздағы N 224-ө Өкімі

1. Қоса беріліп отырған»"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экономиканың мемлекеттік секторын басқаруды жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы"»Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық кесімдердің тізбесі (бұдан әрі - тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі тізбеге сәйкес тиісті нормативтік құқықтық кесімдерді әзірлесін және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізісін.

*Премьер-Министр*

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
2006 жылғы 9 тамыздағы  
N 224 - ө өкімімен

бекітілген

**"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экономиканың мемлекеттік секторын басқаруды жетілдіруді мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық кесімдердің тізбесі**

Р/с N	Нормативтік құқықтық кесімнің атауы	Кесімнің атауы	Орындау мерзімі	Орындауға жауапты мемлекеттік орган
1	2	3	4	5
1.	Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне "Самұрық"» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі АҚ-ның одан әрі жұмыс істеуі бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	2006 жылғы тамыз	ЭБЖМ
2.				

	"Қазына" орнықты даму қоры"» АҚ-ның құрамына кіретін заңды тұлғалардың кредит және инвестициялық саясатын бекітуге қатысты Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	2006 жылғы тамыз	ЭБЖМ (жинақтау), ИСМ
3.	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 14 маусымдағы N 647 қаулысына "Самұрық" мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі" АҚ-ның құрамына кіретін ұлттық компаниялардың даму жоспарларын бекіту тәртібін өзгерту бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	2006 жылғы тамыз	ЭБЖМ (жинақтау), Қаржымині
4.	"Қазақстан Даму Банкі" АҚ акцияларының мемлекеттік пакетін»"Қазына"»орнықты даму қоры"» АҚ-ның жарғылық капиталына төлеуге беруді қамтамасыз ету бөлігіндегі "Қазақстан Даму Банкі" акционерлік қоғамының кейбір мәселелері	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	2006 жылғы тамыз	ЭБЖМ (жинақтау), ИСМ, Қаржымині
5.	"Қазақстан Даму Банкі" акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі құрамының кейбір мәселелері	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	2006 жылғы тамыз	ЭБЖМ (жинақтау), ИСМ

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

ЭБЖМ - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі;

Қаржымині - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі;

ИСМ - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі.